Abdukadirova Malokhat Norizhanovna, PhD, Associate Professor of the Department, «Ecology and water resources management», National Research University «Tashkent Institute of Agricultural Engineers, Irrigation and Reclamation». Uzbekistan, 100123, Tashkent, Kori Niyezi Street, 39

E-mail: Mabduqodirova78@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1188-2662>;

Akylbayev Kairat Igisinovich, Candidate of Technical Sciences, Senior lecture the educational program «Water management and land management», Korkyt Ata Kyzylorda University. Kazakhstan, 120014, Kyzylorda region, city of Kyzylorda, Aiteke bi street 29 a

E-mail: kgu.kairat@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9982-1257>;

Shegenbayev Abzal Tleubergenovich, candidate of Technical Sciences, acting professor of the educational program «Architecture and Construction Production», Korkyt Ata Kyzylorda University. Kazakhstan, 120014, Kyzylorda region, Kyzylorda, Aiteke bi street, 29 a

E-mail: abzal772001@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5910-2840>;

Olzhabaeva Aksaule Ondasynkyzy, Doctor of PhD, Senior lecture the educational program «Water management and land management», Korkyt Ata Kyzylorda University. Kazakhstan, 120014, Kyzylorda region, Kyzylorda, Aiteke bi street, 29 a

E-mail: Seul379@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1377-7276>.

Abstract. Kyzylorda Region is considered one of the most environmentally vulnerable regions of the Republic of Kazakhstan. Problems arising from the drying of the Aral Sea, the lack of modern treatment technologies, and the increasing anthropogenic pressure have a significant negative impact on public health, the regional economy, and water resources. The development of urban housing and communal services, as well as the agro-industrial complex and anthropogenic pressures, has led to the accumulation of enormous volumes of wastewater. This increases the risk of environmental pollution near cities and further exacerbates an already deteriorating ecological situation. Taking these negative processes into account, scientific research on wastewater utilization is being conducted using the city of Kyzylorda as a case study. Experimental work was carried out at the modular biological treatment station (MBTS) in the village of Tasbuget, Kyzylorda city. The capacity of the MBTS is 6,400 m³ per day, serving a population of 120.6 thousand people. The actual volume of wastewater: on average - 2,000 m³ per day, maximum - 5,200 m³ per day, with a wear level of 18 %. The total length of the sewer network is 1,871 km, with a population coverage rate of 30 %. The area of the wastewater retention pond is 55 hectares, with a depth of 1.5 meters. The scientific research was conducted on an area of 100 m². Forage crops Kazakhstan-16, Samur-68, and Mogar-KazNIIZiR-80 were irrigated with

wastewater that had undergone additional treatment.

Keywords: wastewater, global warming, water scarcity, additional treatment, forage crops

For citation: Baimakhanov O.S., Abdukadirova M.N., Akylbayev K.I., Shegenbayev A.T., Olzhabayeva A.O. (2026). Scientific and technological study of the use of wastewater in agriculture: the case of kyzylorda city // Research, results – *Ізденістер, нәтижелер* – Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 3. Number 111. Pp. 136–146. <https://doi.org/10.37884/3-2026/11> [in Kaz.].

Conflict of interest: The authors declare no conflict of interest.

**Ө.С. Баймаханов^{1*}, М.Н. Абдукодирова², Қ.И. Ақылбаев¹, А.Т. Шегенбаев³,
А.О. Олжабаева¹**

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

²Ұлттық зерттеу университеті «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын мехаликандыру инженерлі институты», Ташкент, Өзбекстан;

³«Казгидрогеология» Ұлттық гидрогеологиялық қызметі КеАҚ «Қызылорда филиалы», Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: Orken.baimakhanov@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА ТӨГІНДІ СУЛАРДЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Баймаханов Өркен Серікұлы, ауылшаруашылығы ғылымдарының магистрі, докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, 120014, Қызылорда облысы, Қызылорда, Айтеке би көшесі, 29а

E-mail: Orken.baimakhanov@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-8902-3737>;

Абдукадилова Малохат Норижанқызы, PhD, «Экология және су ресурстарын басқару» кафедрасының доценті, Ұлттық зерттеу университеті «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын мехаликандыру инженерлі институты». Өзбекстан, 100123, Ташкент, Кори Ниези көшесі, 39

E-mail: Mabduqodirova78@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1188-2662>;

Ақылбаев Кайрат Игісінұлы, техника ғылымдарының кандидаты, «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, 120014, Қызылорда облысы, Қызылорда, Айтеке би көшесі, 29а

E-mail: kgu.kairat@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9982-1257>;

Шегенбаев Абзал Тлеубергенұлы, техника ғылымдарының кандидаты, «Сәулет және құрылыс өндірісі» білім беру бағдарламасының профессор м.а., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, 120014, Қызылорда облысы, Қызылорда, Айтеке би көшесі, 29а

E-mail: abzal772001@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5910-2840>;

Олжабаева Аксауле Ондансыновна, PhD, старший преподаватель образовательной программы «Водное хозяйство и землеустройство» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 120014, Кызылординская область, Кызылорда, улица Айтеке би, 29а

E-mail: Seul379@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1377-7276>.

Аннотация. Қызылорда облысы Қазақстан Республикасының экологиялық тұрғыдан ең осал аймақтарының бірі болып саналады. Арал теңізінің сарқылуы, замануи тазарту технологияларының жетіспеушілігі сонымен қатар антропогендік жүктемелердің артуы салдарынан туындаған теріс үдерістер халықтың денсаулығына, өңір экономикасы мен су ресурстары саласына айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Қалалардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенінің дамуы мен антропогендік жүктемелер төгінді сулардың орасан зор көлемде жиналуына әкелді. Бұл қалалар маңындағы қоршаған ортаның ластану қаупін күшейтіп, онсыз да өсіп келе жатқан экологиялық жағдайды одан әрі ушықтыруда. Осы жағымсыз үдерістерді басшылыққа алып Қызылорда қаласы мысалында төгінді суларды кәдеге жарату тұрғысында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Тәжірибе жұмыстары Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентіндегі модульдік биологиялық тазарту станциясында (МБТС) орындалды. МБТС-ның өнімділігі тәулігіне 6400 м³, қамтылған халық саны – 120,6 мың адамды құрайды. Нақты төгінді сулар көлемі: орташа - тәулігіне 2000 м³, ең жоғары - тәулігіне 5200 м³, тозу деңгейі – 18 %-ды құрап отыр. Кәріз желісінің жалпы ұзындығы - 1871 км, халықты қамту деңгейі – 30 %-ыз. Төгінді сулар жиналатын тоған ауданы 55 гектар, тереңдігі – 1,5 метрді құрайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары 100 м² құрайтын аумақта жүргізілді. Қазақстан-16,

Самур-68, Моғар-ҚазНИИЗиР-80 малазықтық сұрыптары төгінді суларды қосымша тазарту арқылы суарылды.

Түйін сөздер: төгінді су, жаһандық жылыну, су тапшылығы, қосымша тазарту, малазықтық дақылдар

Дәйексөз үшін: Баймаханов Ө.С., Абдукадирова М.Н., Ақылбаев Қ.И., Шегенбаев А.Т., Олжабаева А.О. (2026). Қызылорда қаласы мысалында төгінді суларды ауылшаруашылығында пайдалануды ғылыми-технологиялық тұрғыдан зерттеу // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 3. Number 111. Pp. 136–146. <https://doi.org/10.37884/3-2026/11> [In Kaz.].

Мүдделер қақтығысы: авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Алғыс айту: Ғылыми-зерттеу тобы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінде орналасқан Модульдік биологиялық тазарту станциясы қызметкерлеріне ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға көмек көрсеткендері үшін алғыс айтады.

**О.С. Баймаханов^{1*}, М.Н. Абдукадирова², Қ.И. Ақылбаев¹, А.Т. Шегенбаев³,
А.О. Олжабаева¹**

¹Қызылординский университет им.Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан;

²Национальный исследовательский университет «Ташкентский институт инженеров ирригации и мелиорации сельского хозяйства», Ташкент, Узбекистан;

³Некоммерческое акционерное общество «Кызылординский филиал» Национальной гидрогеологической службы» «Казгидрогеология», Кызылорда, Казахстан.

E-mail: Orken.baimakhanov@mail.ru

НАУЧНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СТОЧНЫХ ВОД В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ

Баймаханов Оркен Серикович, магистр сельскохозяйственных наук, докторант Кызылординского университета имени Коркыт Ата. Казахстан, 120014, Кызылординская область, Кызылорда, улица Айтеке би, 29а

E-mail: Orken.baimakhanov@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-8902-3737>;

Абдукадирова Малохат Норижановна, PhD, доцент кафедры «Экология и управление водными ресурсами», Национальный исследовательский университет «Ташкентский институт инженеров ирригации и мелиорации сельского хозяйства», Узбекистан, 100123, Ташкент, улица Кори Ниези, 39

E-mail: Mabduqodirova78@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1188-2662>;

Ақылбаев Кайрат Игисинович, кандидат технических наук, старший преподаватель образовательной программы «Водное хозяйство и землеустройство» Кызылординского университета имени Коркыт Ата. Казахстан, 120014, Кызылординская область, Кызылорда, улица Айтеке би, 29а

E-mail: kgu.kairat@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-9982-1257>;

Шегенбаев Абзал Тлеубергенович кандидат технических наук, и.о. профессора образовательной программы «Архитектура и строительное производство» Кызылординского университета имени Коркыт Ата. Казахстан, 120014, Кызылординская область, Кызылорда, улица Айтеке би, 29а

E-mail: abzal772001@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5910-2840>;

Олжабаева Аксауле Ондансыновна, PhD, старший преподаватель образовательной программы «Водное хозяйство и землеустройство» Кызылординского университета имени Коркыт Ата. Казахстан, 120014, Кызылординская область, Кызылорда, улица Айтеке би, 29а

E-mail: Seul379@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1377-7276>.

Аннотация. Кызылординская область считается одним из наиболее экологически уязвимых регионов Республики Казахстан. Проблемы, возникшие в результате высыхания Аральского моря, недостатка современных технологий очистки, а также увеличения антропогенной нагрузки, оказывают значительное негативное влияние на здоровье населения, экономику региона и сферу водных ресурсов. Развитие жилищно-коммунального хозяйства городов, а также агропромышленного комплекса и антропогенные нагрузки привели к накоплению огромных объёмов сточных вод. Это усиливает риск загрязнения окружающей среды вблизи городов и ещё больше обостряет и без того ухудшающуюся экологическую ситуацию. Учитывая эти негативные процессы, на примере города Кызылорда проводятся научно-исследовательские работы по утилизации сточных вод. Экспериментальные работы были выполнены на модульной станции биологической очистной (МСБО) в посёлке Тасбөгет города Кызылорда. Производительность МСБО составляет 6400 м³ в сутки, численность

обслуживаемого населения – 120,6 тыс. человек. Фактический объём сточных вод: в среднем – 2000 м³ в сутки, максимальный – 5200 м³ в сутки, уровень износа составляет 18 %. Общая протяжённость канализационной сети – 1871 км, уровень охвата населения – 30 %. Площадь пруда-накопителя сточных вод составляет 55 гектаров, глубина – 1,5 метра. Научно-исследовательские работы проводились на площади 100 м². Кормовые культуры Казахстан-16, Самур-68, Могар-КазНИИЗиР-80 орошались сточными водами, прошедшими дополнительную очистку.

Ключевые слова: сточные воды, глобальное потепление, нехватка воды, дополнительная очистка, кормовые культуры


Для цитирования: Баймаханов О.С., Абдукадирова М.Н., Акылбаев К.И., Шегенбаев А.Т., Олжабаева А.О. (2026). Научно-технологическое исследование использования сточных вод в сельском хозяйстве на примере города Кызылорды // Research, results – Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Is. 3. Number 111. Pp. 136–146. <https://doi.org/10.37884/3-2026/11> [In Kaz.].

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Жаһандық климаттың өзгеруі су ресурстарының тапшылығы мен қолжетімділігіне, азық-түлік қауіпсіздігіне және халық денсаулығына әлемдік деңгейде елеулі теріс әсерін тигізуде [Баймаханов et al., 2025]. Климаттың өзгеруін зерттейтін Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ) мемлекетаралық эксперттер тобының пайымдауынша, тұрақты бақылау басталған 1850 жыл мен 2024 жылдар арасындағы ауа температурасы +1,60 C⁰-қа жылынғаны, ал соңғы 50 жылдағы жылыну процесі адамзаттың кесірінен орын алған деген тұжырым жасауда [Баймаханов et al., 2025]. Болжамдар бойынша, 2100 жылға қарай жаһандық орташа температура индустрияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда 3,5°C-қа дейін көтерілуі мүмкін, ал өңірлік орташа температура ауытқулары 1,4–5,8° C аралығында болады деп күтілуде [Баймаханов et al., 2025]. Су тапшылығының күшеюі әлемдік қауымдастықтың әлеуметтік және экономикалық дамуына, олардың тұрақты қызмет етуіне айтарлықтай кері әсер етеді [María del Pilar Salazar-Vargas et al., 2026]. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі жаһандық су тапшылығының ша-мамен 20 %-ға артуына себеп болуы ықтимал.

Төмендегі 1-суретте Қызылорда қаласында орналасқан «Метеостанция»-дан алынған ауа-райы мәліметінің 2025 жылғы көрсеткіші көрсетілген.



Сур. 1. Қызылорда қаласы жағдайында «Метеостанция»-дан алынған мәлімет. [Fig. 1. Meteorological Data Obtained from the Weather Station in Kyzylorda City]

1-суреттегі мәліметтерге сәйкес ең төменгі температура қаңтар айында орташа -3,2 C⁰, ал ең ыстық 30,3 C⁰ шілде айы болып тіркеліп отыр. Ауаның айлық жоғарғы температурасы 44,5°C, орташа айлық ауаның ылғалдылығы 56 %, желдің орташа айлық жылдамдығы 2,3 м/с, жауын шашынның орташа айлық көрсеткіші 126,8 мм-ді құрап отыр. Қазақстандық-Арал өңірінде созылмалы су тапшылығы [Manhong Wang et.all 2025] айрықша сезілгенімен ауылшаруашылығы дақылдарынан орнықты өнім алатын мүмкіншіліктер бар. Қызылорда қаласы мысалында алғаш рет төгінді суларды қосымша тазарту арқылы малазықтық дақылдарды суару мүмкіншіліктері ғылыми- технологиялық тұрғыдан зерттелуде [Nicoleta Ungureanu et.all 2020]. Докторант Ө.С.Баймахановтың [Perizat Bulanbayeva et.all 2025] зерттеу жұмысы 100 м² құрайтын тәжірибелік алаңда төгінді суларды қосымша тазарту арқылы малазықтық дақылдарды суару тұрғысында орындалуда.

Таңдалынып алынған малазықтық дақылдардың түрлері:

- 1) Қант құмайы, Қазақстан-16;
- 2) Қант құмайы, Самур-68,
- 3) Могар- КазНИИЗиР-80.

1) Қазақстан-16, Қант құмайы әмбебап дақыл. Қызылорда облысы секілді ауа-райы күрткұбылмалы, топырағы тұзды аймақтарда өсіп-өніп жоспарланған жоғары өнім беретінін ғылыми-зерттеу жұмыстары дәлелдеп отыр.



Сур. 2. Sorghum-Қант құмайы, Қазақстан-16.Тәжірибелік алаңдағы нақты көрінісі.
[Fig. 2. Sorghum (Sugar Sorghum), Kazakhstan-16 Cultivar: View of the Experimental Plot]

Қант құмайының жылуға қоятын талабы. Құмай [Rasheed A. Abdulraheem et.al 2024] дақылдың отаны экваторлы Африка елі. Қызылорда облысы жағдайында қант құмайының өсуі мен дамуына қажетті температура +12 +18С°. Күндізгі температура +22 +25С°, түнгі +18С° оңтайлы болып саналады. Әрбір топтарындағы белгілі тиімді температура жиынтығы әртүрлі $\sum t^{\circ} 2200+3200\text{C}^{\circ}$ -ты құрайды.

Ботаникалық сипаттамасы:

- Өсімдіктің толық піскендегі биіктігі шамасы 3,2–4,7 м-ді құрайды, сыртқы түрі жүгеріге ұқсас, тамыры дақылдың түрлеріне байланысты 50–80 см-ге дейін терең орналасады.
- Жапырақтарының ұзындығы орташа 60–80 см, жапырақ ені 5–8 см, сабағының көлемі 1,5-3 см, дәнінің саны орташа 1000-1500 дананы құрайды

Қант құмайының сипаттамасы және биологиялық ерекшеліктері

Қазіргі уақытта әлем елдерінде қант құмайын өсіру кең ауқымда белең алды [Ruidong Zhang et al., 2024]. Дақыл – астық тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық өсімдіктер тегі. Тұқымның өнімділігі – 2–3,5 т/га, сабақтары – 25-тен 45 т/га дейін, қант құрамы – 10–12 %, құрғақ заттар – 16–19 %, тазалығы – 75–79 %. Сорттардың өсу кезеңі – 120–135 күн, ол өсіру аймағына және өнім бағыттарына, себу мерзімдеріне байланысты. Нормасы – 25-тен 30 кг/га. Өнімділігі: жасыл массасы: 270–470 ц/га, шөп: 80–120 ц/га, дәні: 15–30 ц/га құрайды.

2) Самур-68, дәндік құмайдың жаңа гибриді, терең өңдеу кәсіпорындары тарапынан жоғары сұранысқа ие өте ірі ақ дәнімен ерекшеленеді [Yixian Chen et al., 2026]. Гибрид жоғары өнімділігімен және дән сапасының тұрақтылығымен сипатталады. Өсімдіктері бір сабақты, сыпыртқыларының орналасу биіктігі бойынша жақсы теңестірілген, бұл механикаландырылған жинауды жеңілдетеді. Сыпыртқысы жақсы сыртқа шыққан, борпылдақ құрылымды. Дәні өте ірі, ақ түсті, жоғары тауарлық және технологиялық сапа көрсеткіштеріне ие. Ресейдің оңтүстік федералдық округ жағдайында өнімділігі-65 ц/га жоғары. Себу мөлшері-1 гектарға 250000–300000 тұқымды құрайды. Төмендегі 1-кестеде, Самур-68 қант құмайы сабағының химиялық құрамы көрсетілген.

Кесте 1 – Самур-68 қант құмайы сабағының химиялық құрамы

Су, %	Сахароза, %	Басқа қанттар, %	Жасуық, %	Крахмал, %	Акуыз, %	Өсімдік шырыны, %	Пектинді заттар, (г/100гр)	Май (г/100гр)
65,8	11,25	2,75	7,32	5,15	2,6	3,31	0,6	0,02

1-ші кесте бойынша мынадай сипаттама келтіруге болады. Самур-68 қант құмайы сабағының химиялық құрамы оның тағамдық және өндірістік маңызы жоғары дақыл екенін көрсетеді. Құрамындағы су мөлшерінің жоғары болуы 65,8 % өсімдіктің шырынды екенін дәлелдейді. Сахарозаның 11,25 % болуы қант өндіруге қолайлы екенін көрсетсе, басқа қанттардың болуы жалпы көмірсу мөлшерін

арттырады. Жасуның 7,32 % пен крахмалдың 5,15 % болуы мал азығы және биоөнімдер өндіруде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ақуыз мөлшері орташа деңгейде 2,6 %, ал май мөлшері өте төмен 0,02 %. Сонымен қатар, пектинді заттардың болуы өсімдіктің технологиялық құндылығын арттырады. Жалпы алғанда, Самур-68 қант құмайы дақылды техникалық, малазықтық және қайта өңдеу өнеркәсібі үшін перспективалы шикізат болып табылады.

Қант құмайы, Самур-68 егу жұмыстары

Топырақ температурасы 12–15°C болғанда дақылды себу жұмыстарын бастау ұсынылады және кешіктірмеу маңызды, себуді 5-6 см тереңдікке жүргізу керек және қысқа мерзімде аяқтау қажет. Тұқымның көгеруін, қаракүйе ауруларын және тамыр шіріктерін болдырмау үшін тұқымды себу алдында дәрілеу міндетті агротехникалық негізгі шара болып табылады. Ол үшін дәрілеуіш препараттармен немесе биопрепараттармен өңдеу аса маңызды.



Сур. 3. «Самур-68» Тәжірибелік аландағы нақты көрінісі.
[Fig. 3. Experimental Plot of the 'Samur-68' Cultivar.]

3)Моғар, «КазНИИЗиР-80»-нің биологиялық ерекшелігі жергілікті жабайы өсетін популяциядан жеке іріктеу әдісі арқылы шығарылған. Сорт ерте піседі деп саналады, вегетациялық кезеңі 108–112 күн. Өсімдіктің биіктігі шамамен 136,3–146,0 см болып саналады. Түптенуі өте күшті 5–6 сабақ. Сабағының жуандығы 1,3–1,5 см. Жапырақтары ұзын 38,5 см, ені 5,2 см. Собығы тік өсетін симметриялы, түсі қою қоңыр, ұзындығы 30,0 см-ге дейін, ені 5,2 см. Дәнінің түсі қызғылт сары. «КазНИИЗиР-80» сорты моғарының өнімділігі: Жасыл массасы: 290–330 ц/га, Құрғақ массасы: 90–110 ц/га, Дәндері: 22–28 ц/га.

Аурулар мен климаттық жағдайларға төзімділік:

Аурулар мен зиянкестерге мүлде шалдықпайды;

Құстар зақымдамайды;

Өсімдігі жығылмайды, тұрақты.

Төмендегі 2-кестеде Моғар «КазНИИЗиР-80» сипаттамасы көрсетілген.

Кесте 2 – Моғар«КазНИИЗиР-80» сипаттамасы

Ерте пісетін топқа жатады	Ерте пісетін
Вегетациялық күндері	108–112
Өнімділігі, ц/га	290–330
Аудандастырылған облыстар	Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қызылорда

2-ші кесте бойынша мынадай сипаттама келтіруге болады. Самур-68 қант құмайы ерте пісетін дақылға жатады және вегетациялық кезеңі 108–112 күн аралығын құрайды. Бұл оның қысқа мерзімде пісіп-жетілетінін көрсетеді. Дақыл гектарына 290–330 ц өнім береді. Сонымен қатар, Самур-68 сорты Қазақстанның әртүрлі климаттық аймақтарында, атап айтқанда Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан және Қызылорда облыстарында аудандастырылған. Бұл оның алуан түрлі табиғи-климаттық жағдайларға жақсы бейімделгенін және ауыл шаруашылығында тиімді пайдалануға болатын перспективалы дақыл екенін көрсетіп отыр.



Сур. 4. «Могар-КазНИИЗиР-80» Тәжірибелік алаңдағы нақты көрінісі.
[Fig. 4. Field View of the 'Mogar-KazNII ZiR-80' Cultivar in the Experimental Plot.]

Зерттеу нысаны

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Модульдік биологиялық тазарту станциясының тәжірибелік аумағында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білімминистрлігінің Ғылым комитеті № BR21882415 «Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдары мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлеу» жобасы аясында жүргізілді.

Нәтижелер және талқылаулар

Ғылыми-зерттеу жұмысы топырақ температурасы $+12^{\circ}\text{C}$, топырақ рН-7 құрағанда 07.05.2025 ж.ж. күні басталды және жер асты сулары деңгейі 1,5–2 м тереңдікте болды. Төгінді суларды мал азықтық дақылдарды суаруда пайдалану бойынша далалық тәжірибелер жүргізу үшін Қызылорда облысы жағдайына аудандастырылған Қазақстан-16, Самур-68, КазНИИЗиР-80 малазықтық дақылдар таңдалып алынды. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Қызылорда өңірінің созылмалы су тапшылығы жағдайында төгінді суларды пайдалану, су тапшылығын ішінара өтеу мен малазықтық дақылдардың берік жем-шөп қорын қалыптастыру болды [Xiling Chang et al., 2024].

Зерттеу жұмыстары 100 м^2 аумақта орындалды. Ең алдымен жерді дайындау жұмыстары жүргізілді. Жерді дайындау, құрылыс қалдықтарынан тазарту, қопсырту, терең қопсыту, тырмалау, тегістеу сияқты жұмыстар дәстүрлі еңбек құралдарымен жүзеге асырылды. Төмендегі 5,6–суретте тәжірибе алаңын егіске дайындау жұмыстары көрсетілген.



Сур. 5,6. Тәжірибе алаңын дайындау жұмыстары.
[Fig. 5 and 6. Preparation of the Experimental Plot.]

1-ші тәжірибелік алаңның $37,5\text{ м}^2$ аумағына атызша жасалып Қант құмайының, Самур-68 сорты егілді. Тұқымды егудің тереңдігі 4-5 см, қатар аралығы 20 см-ді құрап маркермен сызылып дақылдар егілді. Дақыл егілген атызшаның ұзындығы 15 метр, ені 2,5 м құрады.

1-ші тәжірибелік алаңның 4-ші бөлігіне, $12,5\text{ м}^2$ аумаққа Қант құмайының, Қазақстан-16 сорты егілді. Тұқымды егудің тереңдігі 4,5–5,5 см, қатар аралығы 20 см-ді құрап маркермен сызылып дақылдар егілді. Дақыл егілген атызшаның ұзындығы 5 метр, ені 2,5 м құрады.

Тәжірибелік алаңның 2-ші бөлігінде 50 м² атызша жасалып Моғар- КазНИИЗиР-80 сорты егілді. Тұқымды егудің тереңдігі 2,5–3,5 см, қатар аралығы 10 см-ді құрап маркермен сызылып егілді. Дақыл егілген атызшаның ұзындығы 20 метр, ені 2,5 м құрады.

Кесте 3 – Малазықтық дақылдардың вегетациялық кезеңде су тұтыну көлемі м³.

№ р/с	Дақылдардың атауы	Суару саны	Суды тұтыну көлемі м ³
1	Қант құмайы, Самур-68	14	33,6 м ³
2	Қант құмайы, Қазақстан-16	14	11,2 м ³
3	Моғар- КазНИИЗиР-80	13	27,3 м ³

Алғаш рет нақты нысан жағдайында және Қызылорда қаласы мысалында малазықтық дақылдарды тазартылған төгінді сулармен суару бағытындағы ғылыми- зерттеу жұмыстары жүргізілді. Төмендегі 4-ші кестеде сонымен қатар 7,8,9-суретте тазартылған төгінді сулармен суарылған малазықтық дақылдарға жасалған фенологиялық бақылау жұмыстарының нақты мәндері көрсетілген.



Сур. 7,8,9. Фенологиялық бақылау жұмыстары.
[Fig. 7,8,9. Phenological Observations]

Кесте 4 – Фенологиялық бақылау жұмыстарының нақты мәндері.

№ р/с	Малазықтық дақылдардың атаулары, өлшем бірлік см					
	Өлшеу күні	Самур-68, см	Өлшеу күні	Қазақстан-16, см	Өлшеу күні	Моғар-КазНИИЗиР-80, см
1	12.05.25	1,0	13.05.25	1,2	12.05.25	0,7
2	15.05.25	3,5	15.05.25	2,1	15.05.25	3,7
3	20.05.25	7,9	20.05.25	6,3	20.05.25	8,1
4	24.05.25	10,1	24.05.25	9,2	24.05.25	10,3
5	31.05.25	27,6	31.05.25	20,4	31.05.25	29,1
6	03.06.25	34,7	03.06.25	33,3	03.06.25	35,4
7	10.06.25	56,3	10.06.25	51,9	10.06.25	60,2
8	15.06.25	80,5	15.06.25	60,5	15.06.25	83,4
9	20.06.25	113,2	20.06.25	89,1	20.06.25	89,1
10	25.06.25	121,9	25.06.25	106,9	25.06.25	94,2
11	30.06.25	133,1	30.06.25	143,6	30.06.25	97,6
12	05.07.25	143,6	05.07.25	196,2	05.07.25	106,1
13	11.07.25	151,2	11.07.25	234,6	11.07.25	112,4
14	15.07.25	154,6	15.07.25	241,7	15.07.25	119,6
15	20.07.25	156,3	20.07.25	544,8	20.07.25	128,3
16	25.07.25	159,5	25.07.25	251,6	25.07.25	137,2
17	30.07.25	161,1	30.07.25	257,1	30.07.25	146,4
18	05.08.25	165,2	05.08.25	261,4	05.08.25	153,1
19	10.08.25	171,3	10.08.25	272,3	10.08.25	161,7
20	15.08.25	173,6	15.08.25	280,2	15.08.25	164,1
21	20.08.25	174,1	20.08.25	284,6	20.08.25	166,2
22	25.08.25	175,9	25.08.25	289,1	25.08.25	169,8
23	30.08.25	178,1	30.08.25	300,3	30.08.25	170,1

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Қазақстандық-Арал өңіріндегі созылмалы су тапшылығы жағдайында қалалық төгінді суларды қосымша тазарту арқылы малазықтық дақылдарды суару. Ғылыми-зерттеу жұмыстары оң нәтиже берсе Қызылорда қаласы мысалында берік жем-шөп қорын қалыптастыруға мүмкіншіліктер пайда болады.

Сонымен қатар төгінді лас суларды қосымша тазарту арқылы ауылшаруашылығында пайдалану су тапшылығы айқын сезіліп отырған Қызылорда облысының ауылшаруашылығы бағыты үшін оң серпін беретіні сөзсіз. Төмендегі 5-кестеде зертханалық жағдайларда анықталған төгінді судың мәліметтері көрсетілген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, «Физика-химиялық талдау әдістері» Инженерлік бейіндегі зертханасында төгінді суды белсендірілген көмірмен тазартқанға дейін және тазартқаннан кейінгі нақты мәндері көрсетілген.

Кесте 5 – Белсендірілген көмірмен төгінді суды тазартуға дейін және белсендірілген көмірмен тазартқаннан кейінгі зерттеу нәтижелері.

Атауы	Нақты мәндері	
	Суды тазартуға дейін	Белсендірілген көмірмен тазартқаннан кейін
Түсі, градус	600	510
Сутегі көрсеткіші (рН), бірлік	8,05	7,65
Жалпы қаттылық, °Ж мг-экв/дм ³	8,1	7,8
Сілтілік, ммоль/дм ³	11,2	10,6
Аммоний (азот бойынша), мг/дм ³	20,9	19,9
Кальций, мг/дм ³	60	6
Магний, мг/дм ³	62,4	32,4
Жалпы темір, мг/дм ³	2,3	1,4
Мыс, мг/дм ³	0,9	0,6
Алюминий, мг/дм ³	48,7	32,3
Сульфаттар, мг/дм ³	0,27	0,20
Хлоридтер, мг/дм ³	45	10,8
Нитраттар, мг/дм ³	0,33	0,31
Нитриттер, мг/дм ³	0,146	0,143
Карбонаттар, мг/дм ³	48	36
Гидрокарбонаттар, мг/дм ³	524,6	512,4
Полифосфаттар, мг/дм ³	0,164	0,106
Ортофосфаттар	8,1	4,4
Марганец, мг/дм ³	жоқ	жоқ
Жалпы минералдану (күрғаққалдық), мг/дм ³	2,04	1,61

Белсендірілген көмірмен төгінді суды тазартқаннан кейін оның сапа көрсеткіштерінде өзгерістер байқалды. Судың түсі 600 градустан 510 градусқа дейін төмендеді, ал сутегі көрсеткіші (рН) 8,05-тен 7,65-ке азайды. Жалпы қаттылық 8,1-ден 7,8 °Ж мг-экв/дм³-ке, сілтілік 11,2-ден 10,6 ммоль/дм³-ке төмендеді. Аммоний мөлшері 20,9-дан 19,9 мг/дм³-ке азайды. Кальций концентрациясы 60 мг/дм³-тен 6 мг/дм³-ке дейін күрт төмендесе, магний мөлшері 62,4-тен 32,4 мг/дм³-ке дейін азайды. Жалпы темірдің мөлшері 2,3-тен 1,4 мг/дм³-ке, мыс 0,9-дан 0,6 мг/дм³-ке, алюминий 48,7-ден 32,3 мг/дм³-ке төмендеді. Сонымен қатар, сульфаттар мөлшері 0,27-ден 0,20 мг/дм³-ке, хлоридтер 45-тен 10,8 мг/дм³-ке дейін азайды. Нитраттар мен нитриттердің мөлшерінде аздаған ғана өзгеріс байқалды. Карбонаттар 48-ден 36 мг/дм³-ке, гидрокарбонаттар 524,6-дан 512,4 мг/дм³-ке төмендеді. Полифосфаттар мөлшері 0,164-тен 0,106 мг/дм³-ке, ал ортофосфаттар 8,1-ден 4,4 мг/дм³-ке дейін азайды. Марганец екі жағдайда да анықталған жоқ. Жалпы минералдану көрсеткіші 2,04-тен 1,61 мг/дм³-ке төмендеп, белсендірілген көмірдің суды тазартуда тиімді әсер еткенін нақты көрсетіп отыр.

Қорытынды.

Қызылорда қаласы мысалында алғаш рет нақты нысан жағдайында малазықтық дақылдарды суару мүмкіншіліктері ғылыми-технологиялық тұрғыдан зерттелді. 6-кестеде АҚ «Ұлттық сараптау және сертификаттау» Қызылорда филиалының зертханасында 03.10.2025 жылы № 801, № 804, № 805 хаттамасымен жүргізілген малазықтық дақылдардың құрамының нақты мәндері көрсетілген.

Кесте 6 – Малазықтық дақылдардың зертханалық нәтижелері.

Көрсеткіш атаулары	Белгілеу сынақ әдісімен нормативтік құжаттар	Могар- КазНИИЗиР-80	Қазақстан-16	Самур-68
1	2	3	4	5
Азоттың массалық үлесі, %	ГОСТ 13496.4-2019	4,6	3,1	1,4
Шикі ақуыздың масса- лық үлесі, %	ГОСТ 13496.4-2019	28,7	19,3	8,75
Фосфордың массалық үлесі, %	ГОСТ 26657-97	0,312	0,324	0,298
Кальцийдің массалық үлесі, %	ГОСТ 26570-95	0,30	0,28	0,25
Калийдің массалық үлесі, %	ГОСТ 30504-97	3,2	3,2	3,1
Каротиннің массалық үлесі, мг/кг	ГОСТ 13496.17-2019	29,65	27,14	23,32
Шикі талшықтың масса- лық үлесі	ГОСТ 13496.2-91	22,3	23,7	23,8

Тазартылған төгінді сулармен суарылған малазықтық дақылдардың құрамында айтарлықтай ауытқулар жоқ екендігі зертханалық нәтижелермен анықталды. Қызылорда қаласы мысалында төгінді суларды қосымша тазарту арқылы малазықтық дақылдарды суаруға болады деген тұжырым жасауға болады. Малазықтық дақылдардың суару нормасы гектарына 5000 м³ болған жағдайда, Қызылорда қаласы жағдайында жылына 160 га малазықтық дақылдарын егіп орнықты өнім алуға мүмкіншіліктер бар.

REFERENCES

- Bajmakhanov, O., Umirzakov, S., Begaliev K., Baimanov Zh., Akyibaev K., Shegenbaev A., Musirep A. (2025). Kazakstandyk-Aral onirinin ar turli agroekologiyalyk zhagdailarinda taza zhane togindi sularmen kant kumayi dakylын suarudyn tiimdi tekhnologiyasyn zertteu // Izdenister, Natizheler, 2025. (1 (105). Pp. 255–268. <https://doi.org/10.37884/1-2025/30>; [in Kazakh]
- Bajmakhanov O., Umirzakov S., M.N. Abdukodirova, K.I. Akyibaev, Shegenbaev A.T., Daldabaeva G.T., Bulanbaeva P.U. (2025). Togindi sulardyn zher asty sularyna zhane malazyqytq daqyldardyn quramyna aseri // Izdenister, natizheler, 2025. – №2 (106), <https://doi.org/10.37884/2-2025/45>; [in Kazakh]
- Bajmakhanov O.S., Omirzakov S.I., Akyibaev K.I., Daldabaeva G.T., Shegenbaev A.T., Shalabaeva G.A. (2025). Kyzylorda kalasy mysalynda togindi sulardy agash ekpeleri men malazyktyk dakylardy suaru ushin gylimi demonstratsiyalyk alandy daiyndau men su sapasyn bagalau. Korkyt Ata atyndagy KU Khabarshysy. 2025. № 3–1 (74). Pp. 81–93. <https://doi.org/10.52081/bkaku.2025.v74.i3-1.317>; [in Kazakh]
- María del Pilar Salazar-Vargas, Yosune Miquel ajauregui, Hilda Guerrero-Garcia-Rojas (2026). Unveiling the Evolution of Adaptation Economics // A Systematic and Bibliometric Review of Collaborations, Methodologies, and Research Frontiers 2010–2023, MDPI Climate, 2026. 14. 68, <https://doi.org/10.3390/cli14030068>;
- Manhong Wang, Irshad Ahmad, Bin Qin, Lei Chen (2025). Identification and Comprehensive Evaluation of Drought Tolerance in Sorghum During Germination and Seedling Stages, Plants 2025, 14. 1793, <https://doi.org/10.3390/plants14121793>;
- Nicoleta Ungureanu, Valentin Vlăduț, Gheorghe Voicu (2020). Water Scarcity and Wastewater Reuse in Crop Irrigation, MDPI Sustainability 2020, 12, 9055, doi:10.3390/su12219055;
- Perizat Bulanbayeva, Asylkhan Shomantayev, Orken Baimakhanov (2025). Optimization and evaluation of wastewater and groundwater blending for irrigation in Arid Regions of Kazakhstan // Eurasian Journal of Soil Science. Volume 14. Issue 4, Oct 2025, Pages 359-375, DOI: 10.18393/ejss.1753346;
- Rasheed A. Abdurhaheem, Ralph N. Martins, Prashant Bharadwaj, Zhaoyu Li, Ranil Coorey (2024). Nutrients and polyphenols-rich Sorghum bicolor genotypes as complementary therapy for Alzheimer's disease // Phytochem Rev (2024) 23:1889–1912, <https://doi.org/10.1007/s11101-024-09942-y>;
- Ruidong Zhang, Jiarong Chang, Haiyun Chen, Jiaqi Li, Kun Huang (2024). Transcriptomic Insights into Drought Survival Strategy of Sorghum bicolor (L.) Moench during Early Growth under Polyethylene Glycol-Simulated Conditions // Agronomy 2024, 14, 2364. <https://doi.org/10.3390/agronomy14102364>;
- Yixian Chen, Sofie De Geeter, Jean Poesen (2026). Global patterns of gully occurrence and their sensitivity to environmental changes // International Soil and Water Conservation Research 14 (2026) 100572, <https://doi.org/10.1016/j.iswcr.2025.09.004>;
- Xiling Chang, Shuangxing Zhang, Changyu Cao, Jianfei Zhou (2024). Transcriptome analysis and characteristics of drought resistance related genes in four varieties of foxtail millet [Setaria italica], Heliyon 10 (2024) e38083, <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e38083>.

Baymakhanov Orken Serikuly – provided overall supervision of the manuscript preparation; wrote the initial draft of the article; and performed editing and formatting of the manuscript.

Akyllbayev Kairat Igisinuly – collected field data during the research; made a significant contribution to the development of the Introduction and Research Site sections; and participated in the analysis and scientific interpretation of the research results.

Shengenbayev Abzal Tleubergenuly – collected field data during the research; made a significant contribution to the development of the Introduction and Research Site sections; and participated in the analysis and scientific interpretation of the research results.

Abdukadirova Malokhat Norijankizi – conducted a review of international scientific publications; and participated in the analysis and scientific interpretation of the research results.

Oljabayeva Aksaule Ondasynkyzy – provided financial support for the study; and participated in the analysis and scientific interpretation of the research results.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы»
КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

30.06.2026 ж.